



**ТМД Экономикалық кеңесі жанындағы Экономикалық мәселелер жөніндегі комиссиядағы Қазақстан Республикасының Өкілетті Өкілі В.Б.Темірбаевтың қызметін қаржыландырудың кейбір мәселелері**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 28 қарашадағы N 1195 қаулысы. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004 жылғы 12 тамыздағы N 844 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Экономикалық кеңесі жанындағы Экономикалық мәселелер жөніндегі комиссиядағы Қазақстан Республикасының Өкілетті Өкілі Валерий Батайұлы Темірбаевтың қызметін қаржыландыру оның өкілеттігі мерзімі ішінде республикалық бюджетте "Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының жарғылық және басқа да органдарына қатысу" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен жүргізіледі деп белгіленсін.

2. Қоса беріліп отырған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Экономикалық кеңесі жанындағы Экономикалық мәселелер жөніндегі комиссиядағы Қазақстан Республикасының Өкілетті Өкілі Валерий Батайұлы Темірбаевтың қызметін қамтамасыз етуге арналған шығыстар сметасы бекітілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2003 жылғы 28 қарашадағы

N 1195 қаулысымен

бекітілген

**ТМД Экономикалық кеңесі жанындағы Экономикалық мәселелер жөніндегі комиссиядағы Қазақстан Республикасының Өкілетті Өкілі Валерий Батайұлы Темірбаевтың қызметін қамтамасыз етуге арналған шығыстар сметасы**

---

Шығыстар атауы

Сомасы

---

Ақшалай қамту

1580,0 АҚШ доллары

Көліктік қызмет көрсету	270,0 АҚШ доллары
Байланыс қызметін көрсету және к е ң с е	150,0 АҚШ доллары
	з а т т а р ы
Шығыстардың бір айдағы жиыны:	2000,0 АҚШ доллары

---

2003 жылға арналған барлық ағымдағы шығыстар:  
 $2000 \times 12 = 24000$  АҚШ доллары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК